

**Мәслихаттың 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 12 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2016 жылғы 5 шілдедегі № 52 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 6551 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2020 жылғы 21 шілдедегі № 494 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 21.07.2020 № 494 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 12 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 тіркелген, 2016 жылғы 31 мамырда "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларына 1, 2 - қосымшалар осы шешімнің 1, 2 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы, № 18 сайлау*

*округі бойынша депутаты*

*Қостанай қалалық*

*мәслихатының хатшысы*

*М. Бут*

*Б. Сандыбеков*

**"Қостанай қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы**

\_\_\_\_\_ 3. Жилкибаева

Мәслихаттың  
2016 жылғы 05 шілдедегі  
№ 52 шешіміне 1-қосымша

Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 1-қосымша

## Жиналыстар және митингілер өткізу орындары

№ р/с	Жиналыстар және митингілер өткізу орындары
1	Тың игерушілер алаңы
2	Жеңіс паркі

Мәслихаттың  
2016 жылғы 05 шілдедегі  
№ 52 шешіміне 2-қосымша

Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 2-қосымша

## Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары

№ р/с	Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары
1	Орталық алаң – Жеңіс паркі (Қостанай облыс әкімдігінің ғимараты алдындағы орталық алаң – Баймағамбетов көшесі – Жеңіс көшесі – Жеңіс паркі)
2	Қостанай қаласының жағалауы – Сити-центр (Қостанай қаласының жағалауы (орталық кіре-беріске іргелес аумақ) – Әл-Фараби даңғылы – Сити-центр (субұрқаққа іргелес аумақ))